



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ТҰҢҒЫШ ПРЕЗИДЕНТІ - ЕЛБАСЫНЫҢ ҚОРЫ

«ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ БІЛІМ – 2017»

студенттер мен жас ғалымдардың
XII Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ

СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ

XII Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«НАУКА И ОБРАЗОВАНИЕ – 2017»

PROCEEDINGS

of the XII International Scientific Conference
for students and young scholars
«SCIENCE AND EDUCATION - 2017»



14th April 2017, Astana



**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ**

**«Ғылым және білім - 2017»
студенттер мен жас ғалымдардың
XII Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ**

**СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
XII Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«Наука и образование - 2017»**

**PROCEEDINGS
of the XII International Scientific Conference
for students and young scholars
«Science and education - 2017»**

2017 жыл 14 сәуір

Астана

УДК 378

ББК 74.58

Ғ 96

Ғ 96

«Ғылым және білім – 2017» студенттер мен жас ғалымдардың XII Халықаралық ғылыми конференциясы = The XII International Scientific Conference for students and young scholars «Science and education - 2017» = XII Международная научная конференция студентов и молодых ученых «Наука и образование - 2017». – Астана: <http://www.eni.kz/ru/nauka/nauka-i-obrazovanie/>, 2017. – 7466 стр. (қазақша, орысша, ағылшынша).

ISBN 978-9965-31-827-6

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

УДК 378

ББК 74.58

ISBN 978-9965-31-827-6

©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия
ұлттық университеті, 2017

Таблица 5 – Аббревиатуры

RAM	Random Access Memory	Оперативная память, оперативное запоминающее устройство
CPU	Central Processing Unit	Центральный процессор
CASE	Computer-Aided Software Engineering	Автоматизированное проектирование и создание программ
RAID	Redundant Arrays of Inexpensive Disks	Матрица независимых дисковых накопителей с избыточностью

В зависимости от указанных вышеперечисленных методов, главная задача переводчика передать смысл термина адекватно и логично. В то же время термин должен сохранять свой смысл.

Также, компьютерная терминология должна быть актуальной темой для лингвистов. Грамотный и правильный перевод компьютерной терминологии даст толчок для развития науки и техники.

Список использованных источников:

1. Айтбайулы О., Булантаев Ж., Словарь компьютерных терминов. – Алматы, 2006.
2. Балапанов Е., Борибаев Б., Бекбаев Б., Даулеткулов А., Смагулова А. Словарь терминов по информатике. – Алматы, 2006.
3. Лейчик В.М. Свойства термина в тексте. – Москва, 1990. – С.50-53
4. Швейцер А.Д. Теория перевода: Статус, проблемы, аспекты. – Москва, 1988. – С. 213-215
5. Гринев-Гриневич С.В. Терминоведение. – Москва, 2008. – 304 с.

УДК 81'322

ӘЛЕУМЕТТІК РЕАЛИЙЛЕР ЖӘНЕ ОЛАРДЫ АУДАРУ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Қуатбай Нурсейт Бахтиярулы

nurseyt_96_80@mail.ru

5B020700 – «Аударма ісі» мамандығының 4-нші курс студенті,

Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ, Астана, Қазақстан

Ғылыми жетекшісі – Қиманова Л. Б.

Қазіргі таңда мәдениетаралық қарым-қатынастағы реалийлердің алатын орны күннен-күнге артып келеді. Оларды тереңінен зерттеуге зерттеушілер белсенді түрде ден қоюда. Себебі қазақ тілі, қазақ мәдениеті әлемдік аренада үлкен қызығушылыққа ие және қазақ тіліндегі шығармалардың басқа да тілдерге аударылып жатыр. Сол себепті реалийлерді зерттеу, олардың түрлі тілдерге аударылу мәселесі бүгінгі таңда өзекті тақырыптардың біріне айналған.

Бастапқы мәтіндегі нақты бір сөзге балама табылмайтын жағдайлар сирек кездеседі. Бұндай жағдай негізінен, түпнұсқадағы сөз таза жергілікті құбылысты бейнелесе, сол құбылыс немесе зат басқа халықтың тұрмыс-тіршілігінде болмаса, пайда болады. Бұл сияқты сөздер реалийлер деп аталады.

Реалийлер белгілі бір ұлттың, елдің өзіне ғана тән тұрмыстық, материалдық, рухани, тарихи-қоғамдық құбылыстары мен заттарының тура мағынасындағы (номинативтік) атаулары деген ұғымда қолданылады [1, б. 35], сол себепті оларды аудару ешқандай

қиындық келтірмейтін сияқты. Бірақ мұның аударматануда ерекше сөз болуына себеп болар жайттар баршылық. Біріншіден, бір халықтың өмір салты екінші халықта дәл солай қайталануы сирек кездеседі; екіншіден, ол сөз мәтінде тәуелсіз болып тұруы мүмкін; үшіншіден, ол сөзде ерекше бір стильдік бояу болуы міндетті емес. Сондықтан, реалийлерді келесі бір тілде жеткізудің өзіндік шарттары және тәсілдерінің болуы – заңды құбылыс.

Жалпы реалийлер қаншалықты тереңінен зерттелініп басталса да, жан жақтағы ғалымдар тұрғысынан әлде де түрліше қабылданады немесе түсіндіріледі. Осыны түсініп, олардың мағынасына үңілу мақсатында бірнеше озық зерттеушілердің тұжырымдамаларына сүйенуді жөн көрдік.

Мәселен, аударматану саласындағы болгар ғалымдары С. И. Влахов және С. П. Флорин реалийлерге аударматану тұрғысынан келесідей анықтама берген: «Реалийлер – бұл бір халықтың өміріне (тұрмысы, мәдениеті, әлеуметтік және тарихи дамуы) тән заттарды атайтын сөздер (және сөз тіркестері), олар ұлттық және тарихи ерекшеліктерінің көрінісі бола тұра, олардың басқа тілдерде нақты сәйкестіктері (баламалары) жоқ. Демек, жалпы ережелерге сүйеніп аударылмай, ерекше аудару әдістерін талап етеді» [2, б. 55].

Ал, лингвоелтанушы Г. Д. Томахин берген анықтама бойынша, реалий – ол «белгілі бір ұлт пен халықтың материалды мәдениетіне, тарихи деректеріне, мемлекеттік институттарына ғана тән аттар, ұлттық және ауыз әдебиеті (фольклор) кейіпкерлерінің аттары және т.б.» [3, б. 13].

Ал отандық аударматанушы Ж. А. Жақыповтың реалий ұғымына берген анықтамасына назар аударатын болсақ, онда «реалий» - латын сөзі, зат, нәрсе деген ұғымды білдіреді [1, б. 35].

Реалийлер баламасыз лексикаға жататындықтан, оларды жиі «лакуналар» деген атқа ие ұғыммен шатастырады немесе бір ұғым деп те қарастыратыны байқалды. Сол себепті, реалийлер мен лакуналардың айырмашылықтарын көрсеткенді жөн деп санаймыз. Лакуналар – тілдің семантикалық картасындағы ақ дақтар, яғни семантикалық мәселелер мен қиындықтар. Осыған байланысты филолог Ю. С. Степанов: «екі тіл нормаларының салыстырмалы сипаттауы тілдің семантикалық картасында ішінен, мысалы, тек бір тілді білетін адам үшін көрінбейтін, әр тілде бар сөздік, тілдік олқылықтарды, кемістіктерді айқындайды», - дейді [5, б. 120]. Ал, отандық тіл білімін зерттеуші З. К. Темиргазинаның анықтамасына сүйенетін болсақ, лакуна - бұл «белгілі бір тілде бар, бірақ екінші тілде сөздер мен ұғымдардың болмауы кезінде пайда болатын қуыстар, бос жерлер мен кемістіктер» [6].

Жоғарыда қарастырылған зерттеушілердің еңбектеріне сүйене отырып, лакуналар мен реалийлердің арасында келесідей айырмашылықтар бар екендігін анықтай алдық:

- реалийлер тұрмыстың өзгеше, ерекше заттарының, мәдениет жәдігерлерінің белгіленуі, атауы болып табылады және олар шынайы өмірде кездесетін реалия заттарын білдіреді;

- реалийлер халық мәдениетінің өзегіне жақын ұғымдарды білдіреді;

- лакуналар – салыстырмалы тілдердің біреуіндегі кез келген феноменнің денотатты құрылымының толық емес ұғымдық және семантикалық көрінісінің нәтижесі;

- лакуналар – ұғымның барабар емес вербалды немесе вербалды емес көрсетуінің салдары;

- лакуналар – қоғамда бекітілген бір мағыналы сөздік формасы жоқ семантикалық немесе ұғымдық кемістіктер, ал реалийлердің белгіленуі қоғамға таныс болып келеді.

Зерттеулердің барлығына ортақ құбылыс – реалийлерді тақырыптық топтарға бөліп қарау. Алайда, реалийлердің классификациясы туралы сан алуан пікірлер бар. Әсіресе, қарастырылатын сөзді қандай ерекшеліктеріне немесе қасиеттеріне байланысты топтарға бөлу қажет деген сұрақтың төңірегінде аударматанушылардың арасында пікірталас туындайды. Сол себепті, қазірге дейін ұлттық-мәдени колоритті жеткізетін реалийлердің бірыңғай классификациясы жоқ және зерттеушілер әртүрлі қағидаларға сүйеніп, өз классификацияларын ұсынады.

Отандық тіл білімін зерттеуші А. С. Ермағамбетова қазақ тіліндегі реалийлердің өзіндік

классификациясын ұсынғанын ескеру керек. Оның классификациясы бойынша, қазақ тіліндегі ұлттық және тарихи ерекшеліктерді білдіретін реалийлер үлкен үш топқа бөлінген, сондай-ақ олардың әрқайсысы өз кезегінде топшаларға жіктелген:

I. Қоғамдық-тарихи реалийлер: 1. Әкімшілік-аумақтық бірліктер мен елді мекендердің атаулары; 2. Көшпенділердің өмір жағдайына – мал шаруашылығы, қоныс, аңшылыққа қатысты реалийлер; 3. Әлеуметтік топтар, шен, лауазым, жолдаулардың атаулары; 4. Халықтың әдет-ғұрыптары, салт-дәстүрлері мен жора-жоралғыларына қатысты реалийлер; 5. Халықтың мәдениетіне қатысты реалийлер (халық ауыз әдебиетіндегі түсініктер; ұлттық ойындар мен сайыстардың атаулары); 6. Дінге қатысты реалийлер (мифологиялық реалийлер; мұсылмандық сенім және діни адамдарға қатысты реалийлер); 7. Қару-жарақтардың атаулары;

II. Географиялық және этнографиялық реалийлер: 1. Географиялық ұғымдар; 2. Этнографиялық ұғымдар (орда, тайпа, ру және сол ру мен тайпалардың мүшелерінің атаулары; отбасы мүшелерін білдіретін реалийлер); отбасы және неке қатынастарының реалийлері;

III. Тұрмыс реалийлері: 1. Баспана, тұрғын үйдің ішкі көрінісі, ыдыс-аяқ, үй керек-жарақтары; 2. Ұлттық киім, бас киім, әшекей бұйымдардың атаулары; 3. Ұлттық тағамдар мен сусындар; 4. Музыкалық аспаптардың атаулары; 5. Өлшем (салмақ өлшемдері және ақша); далалы жердегі қашықтық өлшемі [4, б. 15].

Орыс тіл білімін зерттеуші В. С. Виноградовтың реалийлерді латын-американдық материалдар негізінде қарастырады. Бұл ғалым рендік ақпаратты беретін лексикалық бірліктерді, яғни, реалийлерді төмендегідей тақырыптық топқа бөледі:

1. Тұрмыстық реалийлер (үй жай, мүлік; киім, бас киім; тамақ, сусындар; еңбек және кәсіп түрлері; ақша белгілері және өлшеу бірліктері; музыкалық аспаптар, ұлттық билер және өлеңдер, орындаушылар; ұлттық мерекелер, ойындар; қаратпа сөздер; 2. Этнографиялық және мифологиялық реалийлер (этникалық және әлеуметтік қоғамдар, олардың өкілдері; Құдайлар, ертегі кейіпкерлері); 3. Табиғат әлемінің реалийлері (аңдар мен жануарлар; өсімдіктер әлемі; ландшафт, пейзаж); 4. Мемлекеттік-әкімшілік құрылымдардың және қоғам өмірінің (өзекті және тарихи) реалийлері (әкімшілік бірліктер және мемлекеттік институттар; қоғамдық ұйымдар, партиялар және олардың қызметкерлері мен қатысушылары; өнеркәсіптік және аграрлық кәсіпорындар, сауда орындары; негізгі әскери және полиция бөлімшелері, шендері; азаматтық лауазымдар және мамандықтар, атақтар мен дәрежелер); 5. Ономастикалық реалийлер (антропонимдер; топонимдер; көркем шығарма кейіпкерлерінің есімдері; компания, мұражай, театр, мейрамхана, дүкен, жағажай, әуежай және т.с.с. атаулары); 6. Ассоциативті реалийлер [7, б. 92-97].

Аударматану саласындағы болгар ғалымдары С. И. Влахов және С. П. Флорин жасаған классификация бірнеше қағидаларға сүйене отырып жасалған. Олар тақырыптық қағиданы ғана емес, мекендік және мерзімдік сипатына қарай бөліну қағидаларын да ескерген:

I. Географиялық реалийлер (физикалық географиядағы және метеорологиядағы нысандардың атаулары; адам қызметіне қатысты географиялық нысандардың атаулары; эндемиктердің атаулары (өсімдіктер мен жануарлардың атаулары);

II. Этнографиялық реалийлер: а) Тұрмыс (тамақ, сусындар; киім; тұрғын үй, жиһаз, ыдыс-аяқ; көлік); б) Еңбек (еңбек адамдары; еңбек құрал-саймандары; еңбекті ұйымдастыру); в) Өнер мен мәдениет (ән мен би; музыкалық аспаптар; халық ауыз әдебиеті; театр; өзге өнер түрлері мен өнер туындылары және бұйымдары; орындаушылар; әдет-ғұрыптар мен жоралар; мерекелер мен ойындар; мифология; дін басылары мен ізбасарлар; күнтізбе); г) Этникалық нысандар (этнонимдер; лақап аттар; тұрғылықты жері бойынша адамдардың атаулары); д) Өлшемдер мен ақша (өлшем бірліктері; ақша бірліктері);

III. Қоғамдық-саяси реалийлер: а) Әкімшілік-аумақтық құрылым (әкімшілік-аумақтық бірліктер; елді мекендер; елді мекен бөлімдері); б) Билік органдары мен билік жүргізушілер (билік органдары; билік жүргізушілер); в) Қоғамдық-саяси өмір (саяси ұйымдар мен саяси қайраткерлер; патриоттық және қоғамдық қозғалыстар; әлеуметтік құбылыстар мен

қозғалыстар; лауазымдар, дәрежелер; мекемелер; оқу орындары мен мәдени мекемелер; сословиелер мен касталар; сословиелік белгілер мен нышандар); г) Әскери реалийлер (бөлімшелер; қару-жарак; киім-кешек; әскери қызметкерлер) [2, б. 59-88].

Ал, лингвоелтанушы Г. Д. Томахин американдық материалдарды негізге ала отырып реалийлерді зерттеген және оның ұсынған классификациясында американдық реалийлердің шынайы болмысы бейнеленген:

I. Этнографиялық реалийлер. Тұрмыс реалийлері. Сөйлеу әдебі және мінез-құлық ережесі (тұрмыс реалийлері, тұрғын үй; киім; азық-түлік, сусындар; әлеуметтік-тұрмыстық мекемелер; көлік реалийлері; байланыс жүйесі: пошта, телеграф, телефон; демалыс, күн өткізу; салт-дәстүрлер, мерекелер; өлшемдер, ақша; сөйлеу мәнері;

II. Географиялық реалийлер (географиялық реалийлердің жіктелуі (жағалық сызық ерекшеліктері, жер бедері ерекшеліктері, гидрографикалық атаулар және т.б.); флора; фауна; мәдени өсімдіктер; табиғи ресурстар және оларды игеру ерекшеліктері)

III. Қоғамдық-саяси реалийлер (мемлекеттік және штаттар рәміздері; АҚШ Конституциясымен байланысты реалийлер; заң шығарушы билік реалийлері; Ақ Үйдің аппараты мен Президент; атқарушы билік мекемелері; агенттік; сот жүйесі; мемлекеттік қызметкерлер; штаттардың үкіметтері және жергілікті өзін-өзі басқару; сайлау; саяси партиялар мен қоғамдық ұйымдар, қозғалыстар);

I. Мәдениет, дін және білім беру жүйесінің реалийлері (білім беру жүйесі; дін; әдебиет; театр және кино; бұқаралық ақпарат құралдары; бейнелеу өнері; музыкалық мәдениет);

II. Ономастикалық реалийлер (антропонимдер; топонимдер; әдеби кейіпкерлердің аттары) [8, б. 46-197];

Зерттеушілердің ұсынған классификациясына назар аударатын болсақ, әлеуметтік реалийлердің нақты топтастырылмағанын байқауға болады. Сол себепті, зерттеушілердің ұсынған классификациясының негізінде әлеуметтік реалийлердің өзіндік классификациясын жасап шығаруды ұйғардық.

Лингвоелтанушы Г. Д. Томахинның еңбектерінде «*әлеуметтік мекеме, әлеуметтік қозғалыстар, әлеуметтік көмек көрсету*» реалийлеріне қатысты бірнеше мысалдарды байқауға болады. Сонымен қатар, отандық аударматанушы А. С. Ермағамбетованың зерттеу жұмыстарында «*әлеуметтік тап (сословие, каста), азаматтық лауазымдар, атақ және дәрежелер, әлеуметтік-тұрмыстық реалийлер*» деген тақырыптық топтарды көруге болады. В. С. Виноградовтың ұсынған классификациясынан «*әлеуметтік ұйымдар мен қауымдастықтар*» деген бөлімді ескерген жөн. Аударматанушы С. И. Влахов және С. П. Флорин жасаған классификациясында «*әлеуметтік құбылыстар*» деген бөлімді байқауға болады. Отандық және шет тіл білімін зерттеушілердің ұсынған классификациясының қарастыра отырып, біздің әлеуметтік өмірімізге және әлеуметтік салаларға бейімдей отырып, әлеуметтік реалийлерді төмендегідей топтастырдық:

1) Әлеуметтік тап (сословие, каста) реалийлері (*needy, ill-provided, low-income people, white collar, second-class citizen*)

2) Әлеуметтік ұйымдар мен қауымдастықтар (*Ivy League, Parent-Teacher Association, rich men club*)

3) Әлеуметтік мекеме (*Federal Building, Executive officer*)

4) Әлеуметтік құбылыстар (*melting pot, baby-boom*)

5) Әлеуметтік-тұрмыстық реалийлер

6) Азаматтық лауазымдар, атақ және дәрежелер

7) Әлеуметтік қозғалыстар (*grassroots movement*).

Реалийлер, ұлттық мәдениетті белгілейтін басқа да атаулар функционалды қызметі жағынан басым доминант элементтер; олардың контекстегі функционалдық-коммуникативтік қызметі жоғары. Демек, оларды түсіріп тастау түпнұсқаның мазмұнын сақтау талабына нұқсан келтіруі мүмкін. Сондықтан аудармашы түпнұсқада қолданылған, аударма тіліне мәдени-танымдық сипаты, ұғымдық-мағыналық көлемі жағынан сәйкестіктері жоқ атаулардың түпкі мағынасына, этимологиясына, контекстегі стильдік жүгінің ауқымына

назар аударғаны жөн.

Реалийлерді аударуда ең оңтайлы әдістерді таңдау кезінде мәтін авторының реалийлерді жеткізу тәсілдерін және оқырмандарға семантикалық және коннотативтік мағынасын түсіндіру жолдарын ескерген жөн.

Реалийлерді аудару тәсілдері аударма теориясы мен тәжірибесінде әлі күнге дейін өзекті мәселелердің бірі болып табылады. Осы мәселенің төңірегінде зерттеушілердің пікірлері сан алуан. Реалийлерді аудару тәсілдері жөнінде шет тіл білімінде С. И. Влахов және С. П. Флориннің, В. С. Виноградовтың, отандық тіл білімінде К. М. Абишеваның еңбектері бар.

Аударматану саласындағы болгар ғалымдары С. И. Влахов және С. П. Флорин реалийлерді аудару тәсілдерін былай көрсетеді: 1. Транскрипция (және транслитерация); 2. Аударма (алмастыру): а) неологизм (калька, жартылай калька, меңгеру, семантикалық неологизм); б) реалийлерді алмастыру; в) болжалды аударма (тектік-түрлік алмастыру, функционалды аналог, сипаттама, түсіндірме, суреттеме); г) контекстік аударма [2, б. 343].

Реалий сөздердің топтастырылуының негізінде В. С. Виноградов оларды аударудың мынадай тәсілдерін атап көрсеткен: 1) Транскрипция (транслитерация); 2) Гипо-гиперонимикалық аударма; 3) Шамаластыра аудару; 4) Перифрастикалық (сипаттама, дескриптивті, экспликативті) аударма; 5) Калькалау [9, б. 112].

Отандық тіл білімі және аударматану саласына келетін болсақ, реалийлердің аударудың өзіндік тәсілдерін ұсынған аударматану саласының теоретигі К. М. Абишеваны атап өткен жөн. Ол реалийлерді аудару тәсілдеріне кең таралған және көптеген аудармашылармен мақұлданған тәсілдерді енгізуді ұсынады: 1) Транскрипция (транслитерация); 2) Шамаластыра аудару; 3) Лакуналардың орнын толтыру (компенсация) 4) Сипаттамалы аударма; 5) Калькалау; 6) Тектік-түрлік алмастыру; 7) Функционалды аналог; 8) Аудармашылық түсіндірме [10, б. 155].

Зерттеушілердің ұсынған тәсілдерін негізге ала отырып, реалийлерді және әлеуметтік реалийлерді аударудың кең таралған мынадай тәсілдерін көрсетуге болады:

1. Транскрипциялау тәсілі – реалийлерді тілдің артикуляциялық ережелеріне сәйкес аударма тілдің фонетикалық жазу құралдарының көмегімен басқа тілге сол күйінде енгізуді мақсат етеді. Бұл тәсіл көбінесе антропонимдерді, топонимдерді аудару кезінде қолданылады.

2. Калькілеу тәсілі – шет тіл реалийлерінің құрамдас бөліктерінің, яғни морфемалардың немесе сөздердің аударылатын тілдің тура сәйкестіктерімен ауыстыру.

3. Түсіндірмелі (сипаттамалы) аударма – түпнұсқа тілдің лексикалық бірлігінің мағынасын сол лексикалық бірлікті білдіретін құбылыстың маңызды белгілерін ашатын сөз тіркестерінің көмегімен ашу. Бұл тәсіл қолайсыз әрі үнемсіз болғандықтан, оны әр кезде қолдану мүмкін емес.

4. Болжалды аударма – аударма тілінде дәл сәйкестігі жоқ, бірақ түпнұсқа тілдің лексикалық бірлігі үшін мағынасы ең жақын сәйкестік іздеуге негізделген.

5. Гипо-гиперонимикалық аударма – жуықтатып, жинақтай аудару жолы болып табылады. Бұл тәсіл бойынша түпнұсқа тілдегі түрлік ұғымды білдіретін сөздер аударма тілдегі тектік ұғымды білдіретін сөздермен жеткізіледі. Бұл тәсілмен аудару түпнұсқа сөзінің нақтылығын жоғалтады, себебі түпнұсқадағы жеке түр аудармада жалпы тектік ұғыммен беріледі.

Қорытындылай келе, әлеуметтік реалийлердің бірыңғай классификациясы мәселесі әлі күнге дейін шешілмеген, алайда барлық классификациялардың заттық ұстанымға негізделгені белгілі деп тұжырымдауға болады. Сонымен қатар, зерттеушілердің реалийлерді аудару тәсілдерінің ішінде транскрипциялау тәсілі ең көп кездесетінін, ал гипо-гиперонимикалық аударма тәсілі ең сирек кездесетінін байқауға болады. Алайда, белгілі бір тәсілдің жиі қолданысы оның тиімділігінің көрсеткіші емес. Мысалы, бүкіл ережелерді сақтап, транскрипция арқылы аударылған реалийлер көп жағдайларда сөздің тек дыбыстық формасын жеткізіп, оның мағынасын жеткізе алмайды. Дәл солай, сөздің графикалық

формасын жеткізетін транслитерация тәсілін де атауға болады. Ол баламасыз лексиканы басқа тілге аудару үдерісі кезінде сирек қолдана бастайды. Әр аударма тәсілінің өзіндік артықшылықтары мен кемшіліктері болғандықтан, аударма кезінде бір тәсілмен шектелмей, екі немесе үш аударма тәсілін бірге қолданған жөн, мысалы, транскрипция немесе транслитерация және калькілеу немесе түсіндірмелі аударма т.б. Әлеуметтік реалийлердің аударуы аудармашының мәдениет және елтану саласындағы терең білімді талап ететін шығармашылық үдеріс.

Қолданылған әдебиеттер тізімі

1. Жақыпов Ж. А. Аударматануды аңдату. – Астана, 2004. – 142 б.
2. Влахов С. И., Флорин С. П. Непереводимое в переводе. – М.: Наука, 1986. – 416 с.
3. Томахин Г. Д. Реалии в языке и культуре//ИЯШ. – 1997.
4. Ермагамбетова А. С. Сущность и значение национальных слов-реалий в языке художественного произведения и способы их перевода. (Автореферат дис)
5. Степанов Ю. С. Французская стилистика. – М.: 1965
6. Темиргазина З. К. Современные теории в отечественной и зарубежной лингвистике. – Павлодар, 2009. – 121 с.
7. Виноградов В. С. Введение в переводоведение. – М.: Издательство института общего среднего образования РАО, 2001. – 224 с.
8. Томахин Г. Д. Реалии-американизмы. – М.: Высшая школа, 1988. – 239 с.
9. Виноградов В. С. Перевод: общие и лексические вопросы. 3-е изд. – М.: КДУ, 2006.
10. Абишева К. М. Основы теории и практики перевода. – Астана: «Туран-Астана», 2008. – 272 с.

ӘОЖ 81'42

ҚАЗАҚ ТІЛ БІЛІМІНДЕ МӘТІН ҰҒЫМЫНЫҢ ҚАРАСТЫРЫЛУЫ

Құзар Жанна Нұрлақызы

Kuzar_zhanna@mail.ru

6D020700 – «Аударма ісі» мамандығының 1-нші курс докторанты,

Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ, Астана, Қазақстан

Ғылыми жетекшісі – Кульдеева Г.И.

Ғылым мен техника прогрессінің заманында ғылыми зерттеулердің нәтижелері мәтінде өзінің көрінісін табады. Сөзсіз, барлық ғылым салалары мәтінмен өзара әрекеттеседі. «Мәтін» ұғымының қолданушыларының саны бүгінде өсіп, тек лингвистика саласында ғана қолданылмай, информатика, психология, әдебиеттану және т.б. ғылым салаларында да қарастырылады. Яғни, осы ғылым салаларында мәтін ұғымы білік пен білім, таным процесін зерделейтін барлық ғылым салаларына ортақ зерттеу нысаны бола алады. С.И.Львовтың пікірінше «Мәтінмен жұмыс – тілдің барлық пәндермен байланысуын қамтамасыз етудің кепілі». Тыңдаушылардың дүниетанымын дамыту мен қалыптастырудың арнайы мақсаттары көзделіп, түрлі ғылым салаларынан арнайы мәтіндер талданады [1].

Қазіргі заманғы батыс философиясында мәтін ұғымы негізгі сөздердің бірі болып табылады. Мәтіннің жаңа қыры мен сырын анықтап, өзгеше аспектіде жаңаша бағытта қарастырудың мүмкіндіктері көрсетіледі. Адамның қоршаған дүниені қабылдау, тану, оны өз алдына ашу, тек мәтін арқылы жүзеге асырылады. Өйткені, мәтін барлық жерде және әрқашанда субъектінің көз айналасында болады.

Ғылым мен техника заманының дамыған кезінде мәтінді қарастырудағы “ескі” формациядан “жаңа” формацияда зерттеу қажет. Яғни, мәтінді сындық тұрғыдан қарастыру және баяндау; әлеуметтік мәселелерге байланысты түрлі мәтіндерді, жағдайларды талдау.

Көптеген философтар ақпаратты сақтау мен беру сөз деңгейінде, сөз тіркесі не бөлек